

2

Газдандыру
85 пайызға жетеді

6

Шойын жолдың
шежірелі тарихы

ЖАҢАРУ ҮШІН
ДАУЫС БЕР!

ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз
августа

ГОЛОСУЙ
ЗА ОБНОВЛЕНИЕ!

www.election.gov.kz



Сыр бойы

№112-113 (21187-21188) 1 тамыз, сенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

/// ПРЕЗИДЕНТ

ЖАҢАНДЫҚ ҮДЕРІСТЕГІ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ҮНІ



Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 31 шілде – 1 тамыз күндері Орталық Азия және Әзербайжан мемлекеттері басшыларының бейресми Консультативтік кездесуіне қатысу үшін Қырғызстанға сапармен барды.

Президент Шолпан ата қаласындағы жиында сөйлеген сөзінде дәстүрге сай айрықша ықыласпен қарсы алғаны және бейресми кездесу өткізу туралы бастама көтергені үшін Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаровқа шынайы ризашылығын білдірді.
– Қырғыз халқы – қазақ халқы үшін бауырлас ел. Біз бәріміз – бір туған ағайын халықпыз. Біздің арамызда қалыптасқан

достық, сенім, туыскандық және өзара қолдау – ата-бабамыздан өсиет болып қалған қасиетті аманат әрі мәңгі құндылық. Қазіргі таңда біз Қырғызстанның қарқынды дамуына куә болып отырмыз. Сіздер қол жеткізіп жатқан әр жетістікке шын жүректен қуанамыз. Қырғыз елінің өсіп-өркендеуі – Орталық Азияның тұрақтылығы мен баянды дамуының маңызды кепілі. Бұл құрметті Президент Садыр

Нұрғожаұлы Жапаровтың табанды еңбегі мен көреген басшылығының арқасы екені сөзсіз, – деді Қазақстан Президенті.
Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінгі кездесу қазіргі күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді талқылауға, сан қырлы серіктестіктің алдағы басымдықтарын айқындауға мол мүмкіндік беретініне тоқталды.

2-бет

/// ЕРТЕҢ – ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ



ҒАСЫРЛЫҚ ДӘСТҮР hәм ЖАҢА КЕЗЕҢ

Кеше Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық-драма театрында Теміржол көлігі қызметкерлері күніне арналған салтанатты шара өтті.

Құрылғанына жарты ғасырдан астам уақыт болған Қызылорда жол бөлімшесі Сыр өңіріндегі теміржол саласының дамуына тың серпін беріп, экономика флагманына айналды. Ұжым 1958 жылдан бері инфрақұрылымды дамытуға, жүк пен жолаушы тасымалының тұрақтылығын қамтамасыз етуге, пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін сақтауға күш салып келеді. Қызылорда магистральды желі бөлімшесі облыс аумағындағы мың шақырымнан астам магистральды теміржол желісіне тәулік бойы қызмет көрсетеді. Теміржол инфрақұрылымын жаңғырту бағытында ауқымды жұмыс атқарылуда. Биыл 59 шақырым жол күрделі жөндеуден өтті. «Сексеуіл-Қоскөл» учаскесінің 50 шақырымы заманауи технологиялар көмегімен жабыдықталды. Осылайша теміржолдың транзитті әлеуеті жана деңгейге көтерілді. «Арыс-Қазалы» учаскесінде қолға алынған екінші жол салу жобасы өңірдің өткізу қабілетін ұлғайтып, ұзын құрамды әрі ауыр салмақты пойыздардың кедергісіз қозғалуына мүмкіндік береді.

2-бет

КЕЛІСТІ КЕЛБЕТ КЕЛТІРГЕН ЖЕМІСТІ ЕҢБЕК

Кейінгі жылдары Сыр өңірінде ерекше бір серпіліс болғаны баршамызға аян. Бұл – еңбектің, елшіл азаматтардың маңдай терінің жемісі. Әсіресе, кейінгі төрт жылдағы өзгеріс өңірге өзгеше өң берді.
Бұл жылдары нақтылық, сөз бен іс бірлігі алға шықты, қала бейнесі күн сайын жасарды.
Аймаққа инвестиция тарту, нәтижелі жобалар, жұмыс орындарын ашу секілді ірі істер келім-көтім адамға анық көрініп тұрмайды. Бірақ Қызылордаға мейлі ауылдан, мейлі басқа аймақтан келген адам алдымен қаланың тазалығын, кескін-келбетін, айнадай жолдарын бірден байқайды.
Біз Сырдағы серпілісті нақты мысалдармен баян етейік.



3-бет

/// САРАП



БОЛАШАҚТЫҢ СЫНАҒЫ – СУ ТАПШЫЛЫҒЫ

Қазақстан ғана емес, Орталық Азия елдеріне қатысты күрделі мәселе – су тапшылығы. Жыл өткен сайын жерүсті суының сарқыла бастауы бізді ғана емес, көршілерді де әбден ойлантып тұр. Ал Мемлекет басшысы халыққа Жолдауында 2040 жылға қарай Қазақстанда су тапшылығы 12-15 миллиард текше метрге жетуі мүмкін екенін айтқан болатын.
«...Жалпы, біз – трансшекаралық су көздеріне тәуелді елміз. Еуразия құрлығындағы өзендер мен каналдар – баршамызға ортақ табиғат байлығы. Осы су көздері біздің халықтарымызды, экономикамызды жақындастырады. Сондықтан көршілес әрі достас елдермен бұл мәселе бойынша әрдайым өзара түсіністікке және келісімге келу керек. Жан-жақты ойластырылған су саясатын жүргізу, трансшекаралық суларды пайдалану мәселелерін шешу – Үкіметтің алдында тұрған аса маңызды міндеттер» деген еді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

4-бет

САЛЫҚ КОДЕКСІ ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС ӘКЕЛДІ?

Өңірімізде мемлекеттік бюджеттің орындалу көрсеткіші биыл 6 айда 104,9% болды, бұл жоспарланғаннан 8,5 млрд теңге шамасында артық. Салықтық әкімшілендіру нәтижесінде мемлекеттік бюджетке 8 млрд 909 млн теңге қосымша резервтер өндірілді.

Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің мәліметінше, шілде айына дейін аймақта 12 904 заңды тұлға, 52 779 жеке кәсіпкер тіркелген. Жыл басымен салыстырғанда жеке кәсіпкерлер саны 5361-ге қысқарған. Мамандар мұның себебін жаңа Салық кодексінің талабымен байланыстырып отыр. Атап айтқанда, бұрынғы патент негізіндегі қызметін жүзеге асыратын салық төлеушілер өз кәсіпкерлігін жауып, өзін-өзі жұмыспен қамту режиміне өте бастады. Ендігі жерде табысы айына 300 АЕК немесе 1 млн 297,5 мың теңгеден кем емес адам қызметін кәсіпкер болып тіркелмей-ақ жүзеге асыра алады. Кәсіпкерлер мұны мемлекет тарапынан үлкен қолдау деп есептейді.



ЖИ көмегімен жасалды

2-бет

Валюта бағамы

\$ 474,63 kzt

€ 544,5 kzt

₽ 5,92 kzt

Ауа райы:

Сенбі



+37°



+24°

Жексенбі



+35°



+22°

ЖАҢАНДЫҚ ҮДЕРІСТЕГІ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ҮНІ

– Барлық деңгейдегі байланыстың жандануы бауырлас халықтарымыздың игілігі мен тұтас аймақтың өркендеуі жолында мемлекеттеріміздің жасампаз ықпалдастыққа ортақұмтылысын айқын көрсетеді. Бұл орайда «XXI ғасырда Орталық Азияны дамыту мақсатындағы достық, тату көршілік және ынтымақтастық туралы шартқа» қол қою рәсімдерінің аяқталуы айтулы жетістік болды. Аталған тарихи құжат стратегиялық серіктестігіміздегі жаңа кезеңнің басталғанын айшықтайды. Өзара сенімге, құрметке және бауырлас халықтарымыздың болашағына деген ортақ жауапкершілікке негізделген өңірлік ынтымақтастықтың «саяси арқауын» қалыптастырады, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы осы маңызды Шартқа қосылғаны үшін Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедовке алғыс айтты.

– Келесі кезең аталған құжат ережелерін нақты іске асыру болуға тиіс деп санаймын. Осыған байланысты достық пен тату көршілікті одан әрі нығайтуға, сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық қарым-қатынасты бекемдеуге бағытталған үзәк-мерзімді өзара ықпалдастығымыздың анық бағдарлары көрсетілген іс-шаралар жоспарын әзірлеуді және қабылдауды ұсынамын. Өзара сенімнің нығаюы мен өңірлік ынтымақтастықтың қарқынды дамуының арқасында Орталық Азия жаңа тарихындағы аса табысты кезеңді бастан өткізіп жатыр деп нық сеніммен айтуға болады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Әзербайжанның Консультативті кездесулердің толық мүшесі болуы бұл форматты нығайтудағы оң эволюцияның жаңа деңгейін көрсететінін мәлімдеді.

– Бірлескен күш-жігеріміз арқылы саяси диалогті одан әрі тереңдетуге, инвестиция, энергетика, өнеркәсіп салаларындағы қарым-қатынасты жандандыруға, бірыңғай көлік-логистика жүйесін қалыптастыруға қолайлы жағдай жасалуда. Соңғы жылдары өңірішілік сауда ұдайы өсіп, іскерлік байланыс кеңейе түсті. Бірлескен кәсіпорындар құрылып, ортақ инвестициялық жобалар іске асырылуда. Сонымен қатар гуманитарлық қарым-қатынас жандана түсті. Мәдениет, білім салаларындағы, жастар арасындағы ықпалдастықтың мазмұны байып келеді. Осы оң нәтижелердің барлығы бауырлас халықтарымызды одан әрі жакындатуға, және аймақтың беделін нығайтуға ықпал етеді, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев жаһандық үдерістерде Орталық Азияның ролі сенімді түрде артып, әлемдік аренадағы аймақтың үні айқын әрі салмақтырақ шыға бастады деп санайды.

– Бұған Қырғызстанның Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі ретінде сайлануы (2027-2028 жылдарға) жарқын мысал бола алады. Орайлы сәтті пайдалана отырып Қырғыз Президенті құрметті Садыр Нұрғожаұлы Жапаровты және барша қырғыз халқын осы тарихи жетістікпен құттықтаймын, – деді Президент.

Мемлекет басшысы ықпалдастықтың барлық негізгі мәселесі былтыр Ташкентте өткен кездесуде егжей-тегжейлі талқыланғанын атап өтті.

– Сол кезде айтылған бастамалар, соның ішінде Консультативтік кездесулерді институционалдық тұрғыдан дамыту мәселесі әлі де өзекті және оны іске асыру мақсатында бірлесе жұмыс істеуіміз қажет. Қазақстан қол жеткізген келісімдерге ынғалы, елдеріміз арасындағы достық, тату көршілік және стратегиялық серіктестікті нығайтуға бағытталған жасампаз бастамаларды одан әрі ілгерілетуді көздейді. Бірлескен күш-жігер арқылы ортақ прогресс жолында бұдан да биік белестерді бағындыратынымызға сенімдімін. Сөз соңында түрікмен дос-бауырларымызға Консультативтік кездесулер форматындағы алдағы іс-шараларды өткізуде табыс тілеймін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жиында Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов және Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев сөз сөйледі.

Орталық Азия және Әзербайжан мемлекеттері басшыларының бейресми Консультативтік кездесуінің қорытындысы бойынша Шолпан-Ата декларациясы қабылданды.

1-бет

ҒАСЫРЛЫҚ ДӘСТҮР hәм ЖАҢА КЕЗЕҢ



Ғасырлық дәстүр мен заманауи технологияны ұштастырған теміржолшыларды облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев кәсіби мерекесімен құттықтады. Аймақ басшысы Сыр өңірінің теміржол кешені заман талабына сай жанарып келе жатқанын атап өтті.

– Станциялар мен жол бойындағы нысандар автоматтандырылып, цифрлық жүйеге көшуде. 2024 жылы 600 млн теңгеден астам қаржыға Қызылорда қаласындағы теміржол вокзалы ғимараты мен оған іргелес аумаққа күрделі жөндеу жүргізіліп, абаттандырылды. Президентіміздің

тапсырмасына сәйкес республика бойынша 124 теміржол вокзалы қайта жаңғыртудан өтіп жатыр. Соның 10-ы біздің облысымыздың еншісінде. Жақында ғана Қазалы, Шиелі, Жаңақорған, Сексеуіл теміржол вокзалдары мен «Талап» беке-тіндегі жолаушылар платформасы халық игілігіне табысталды. Арал, Төретам, Жосалы теміржол вокзалдарын, Тереңөзек пен Жалағаштағы қызмет көрсету пункттерін пайдалануға беру кезең-кезеңімен аяқталады. Биыл өңірімізде 80 шақырымнан астам теміржолға күрделі жөндеу жұмыстары жүруде. Сыр өңірінің теміржол кешені заман талабына сай жанарып келеді, – деді облыс әкімі.

1-бет

/// МЕРЕЙ

ҚҰРМЕТТІ ҚҰРЫЛЫСШЫ – 70 ЖАСТА

Қазақстанның құрметті құрылысшысы Әбдімәжит Жансақалов – 70 жаста. Мерейтой іесінің құрметіне облыс әкімдігінде арнайы жиын өтті.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Ел мүддесі – бәрінен биік. Әділетті Қазақстанда еңбек адамына ерекше құрмет көрсетілуге тиіс. Еңбек адамдары – еліміз бен мемлекетіміздің тірегі» деген болатын.

Саналы ғұмырын аймағымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына арнаған азаматтарды ардақтап, лайықты құрмет көрсету игі дәстүрімізге айналды.

Бүгінгі ресми жиынымыз белгілі құрылысшы, ардақты ағамыз Жансақалов Әбдімәжит Әлмағамбетұлының мерейлі 70 жасқа толуына арналады. Сыр жұртшылығы аймағымыздың дамуына зор үлес қосып, елдің ыстық ықыласына бөленіп жүрген өзіңіздей жерлестерімен мақтанады.

Алдағы уақытта да үлкендік ақыл-кеңесіңізбен жастарға жол көрсетіп, игі істердің басында жүре беріңіз. Ұрпағыңыздың қызығына бөленіп, ел алдында абыройыңыз арта берсін! – деді облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев.

Мерейтой іесіне Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаевтың арнайы құттықтауы табысталды. Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін Қызылорда облысының Құрмет грамотасы және «Қызылорда облысының дамуына қосқан үлесі үшін» медалі тапсырылып, дәстүрге сай құрмет көрсетілді.

Ел ағалары Жәнәбіл Нұрқыш, Ибрагим Әбибуллаев және Дайрабай Ысқаков мерейтой іесіне ізгі тілектерін білдірді.

Әбдімәжит Әлмағамбетұлы Қызылорда политехникумында, Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтында инженер-құрылысшы мамандығы бойынша білім алған. Еңбек жолын Сырдария ауданында инженер, учаске шебері болып бастап, кейін аудандық ауыл шаруашылығы мекемесінде құрылыс саласын қадағалау тобының басшысы, СПМК-1 мекемесінің бас инженері және басшысы қызметтерін абыроймен атқарды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында құрылыс ұйымдары қысқарған кезеңде ұжымды сақтап қалу мақсатында «Дөнекер» акционерлік қоғамын құрды. Бірнеше мәрте қалалық және облыстық мәслихат депутаты болып сайланды.

Бүгінде «Дөнекер құрылыс компаниясы» салған мектептер, балабақшалар, мәдениет және спорт нысандары, емханалар, көпсалалы балалар ауруханасы, облыстық Қан орталығы, сол жағалаудағы көпқабаты тұрғын үйлер мен ауылдық жердегі фельдшерлік-акушерлік пункттер ел игілігіне қызмет етуде.

/// БРИФИНГ

ГАЗДАНДЫРУ 85 ПАЙЫЗҒА ЖЕТЕДІ

Облыста тұрғындарды сапалы коммуналдық қызметпен қамтамасыз ету бағытындағы жұмыс кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының міндетін атқарушы Бауыржан Ізмағамбетовтің айтуынша, өңірде 4 қала мен 222 ауылдық елді мекен орталықтандырылған ауызсумен қамтамасыз етілген. Бұл – кейінгі жылдары жүзеге асқан мемлекеттік бағдарламалардың нәтижесі. Биыл жеті жоба жүзеге асырылып, су желілерінің тозуын 33-тен 31 пайызға дейін, көріз желілерінің тозуын 32-ден 30 пайызға дейін төмендету жоспарланған.

Газдандыру бағытында да оң серпін байқалады. Бүгінде облыстағы қалалар мен бірқатар ауыл табиғи газға толық қосылған. Газдандырылған ауылдардың саны 56-ға жетіп, халықты газбен қамту деңгейі 83 пайызды құрап отыр. Жыл соңына дейін бұл көрсеткішті 85 пайызға жеткізу жоспарда тұр. Бұл – жай ғана статистика емес. Газдың келуі ауыл тұрғындарының тұрмысын жеңілдетіп, көмірге тәуелділікті азайтады, экологиялық ахуалды жақсартады және шағын кәсіпкерліктің дамуына қолайлы жағдай тудырады.

Облыстың электр энергетикасы саласында шешімін күткен мәселе бар. Электр желілерінің тозу деңгейі әлі де 60 пайызды құрайды. Биыл 605 шақырым электр желісі мен 190 қосалқы станция жаңғыртылып, тозу деңгейін 59 пайызға дейін төмендету жоспарланып отыр.

Өңірде жалпы қуаты 148 мегаватт болатын бес күн-электр станциясы жұмыс істейді. Алдағы уақытта бұған қуаты 234 мегаватт болатын жел және жаңа күн-электр

станциялары қосылмақ. Бұл облыстың энергетикалық қауіпсіздігін арттырып қана қоймай, экологиялық тұрақтылықты сақтауға мүмкіндік береді.

– Қысқы маусымға дайындық жоспарға сай жүргізіледі. Жылу желілерін жаңғырту, газ-турбиналық қондырғыларды күрделі жөндеу, қазандықтар мен қосалқы жабдықтарды жаңарту жұмыстарының орындалуы 68 пайызға жетті. Сондай-ақ, қажетті отын қорын толықтыру жұмыстары бақылауда. Облысқа 8 мың тоннадан астам көмір жеткізілді, қоймаларда қосымша 12 мың тонна көмір қоры бар. Жылу-электр орталығында мазут пен дизель отынының нормативтік қоры толық қамтамасыз етілді. Өңірде коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту жұмыстары алдағы уақытта да жалғасып, тұрғындарға барынша сапалы қызмет көрсетуге басымдық беріледі, – дейді басқармасы басшысының міндетін атқарушы.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»



САЛЫҚ КОДЕКСІ ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС ӘКЕЛДІ?

– Мемлекеттік кірістер органдарының басты міндеті – бюджеттің кіріс бөлігін қамтамасыз ету. I шілдедегі жағдай бойынша заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің салықтық берешегі осы тоқсанның басымен салыстырғанда 12,4%-ға төмендеді. Дегенмен, жыл бойы қалыптасқан жалпы соманың ішінен шағын және орта бизнес субъектілеріне тиесілі 4 333,2 млн теңге берешекті төмендету бағытында біршама жұмыс атқарылды. Соның нәтижесінде 38

салық төлеушінің төлем мерзімі ұзартылып, 11 салық төлеушіге қатысты оңалту рәсімі қолданылды. Тағы 11-і сот шешімімен банкрот деп танылса, 4 ірі салық төлеуші өз еркімен 159,0 млн теңге салық берешегін өтеді, – дейді департамент басшысы Асқар Елеманов.

Мемлекеттік кіріс органдары салықпен қатар кедендік төлем, баж жинауды, кедендік бақылауды жүзеге асырады және сыртқы экономикалық қызметті реттейді.

– 2026 жылдың I жартыжылдығында сыртқы сауда айналымы 2025

жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 5,4%-ға өсіп, 454,4 млн АҚШ доллары болды. Оның ішінде экспорт көлемі 35%-ға өссе, импорт көлемі 70%-ға кеміді. Жалпы импорт тауарларының ішінде мұнай жабдықтары, пайдаланылған қосалқы бөлшектер, көлік құралдары, тоқыма бұйымдары көбірек әкелінеді. Ал экспортта мұнай және мұнай өнімдері, уран, күріш, балықтың көрсеткіші жоғары, – дейді департамент басшысы.

Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы»

ЖОБА

«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМІ АППАРАТЫНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ АДАМДАРЫНЫҢ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІН ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУЫНЫҢ РЕГЛАМЕНТІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ» ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2023 ЖЫЛҒЫ 29 МАМЫРДАҒЫ №83 ҚАУЛЫСЫНЫҢ КҮШІ ЖОЙЫЛДЫ ДЕП ТАҢУ ТУРАЛЫ

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қызылорда облысы әкімі аппаратының лауазымды адамдарының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауының регламентін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 29 мамырдағы № 83 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі М.ЕРГЕШБАЕВ

1-бет

КЕЛІСТІ КЕЛБЕТ КЕЛТІРГЕН ЖЕМІСТІ ЕҢБЕК

Кейінгі төрт жыл төңірегінде тұрақты өсім көрсеткен сала – инвестиция.

Өткен жылдың өзінде 631 млрд теңгеден астам инвестиция тарту көзделіп, осы цифр көрсеткіші 774,5 млрд теңгеге жеткен.

«Қорқыт Ата әуежайының» жаңа терминалына Болат Өтемұратов қоры 16,6 млрд теңге көлемінде инвестиция салды. Бұл қарқын ой мен қырды түгел шолған облыс басшылығының іскерлігінің дәлелі.

Осындай еңбектердің нәтижесінде Қызылорда облысы инвестиция тарту бойынша өңірлер арасында бірінші орынға тұрақтады.

Жеке инвестицияның үлесі өз алдына, негізгі жобаларды айтсақ, төрт жылда 401 млрд теңгенің 72 инвестициялық жобасы жүзеге асыпты.

Ешкім ақшасын тегін әкеліп күймейді. Өндірістің болашағына болжам жасайды, сол жердің басшысының тегеурінді талап қойып, сол жұмысты орындайтынына сеніп келеді.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Сыр елінде тұркиялық Aksa Energy компаниясының жаңа жылу-электр орталығы салынды. Жалпы 215 миллиард теңге инвестиция жұмсалған, 240 мегаватт электр және 277 гигакалория жылу өндіруге есептелген. Заманауи құрылыс мерзімінен бұрын аяқталып, іске қосылды.

Осы жылдары аймағымызда білім саласына бірегей көзқарас қалыптасты. 2022-2025 жылдары 42 білім нысаны пайдалануға берілген.

Дарынды балаларға арналған 300 орындық жатақханасы бар, 400 орындық физика-математика мектеп-интер-

наты кәсіпкерлік, медицина ұйымдарының автопаркі толығымен жаңартылды.

Аймақтағы басты сұраныстың бірі – жол-көлік саласындағы мәселелер болатын.

Жолдың құрылыс қарқыны аз уақыт ішінде облысқа оң өзгеріс әкелді.

2022 жылдан бүгінге дейін жол инфрақұрылымын дамытуға 185,8 млрд теңге бөлінді. Осы уақытта 1700 шақырым автомобиль жолы мен 35 көпір өткелін салу жұмысы жүрді. Бұл жұмыс әлі де тоқтаған жоқ. Осы істің нәтижесінде облыстағы жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдың үлесі 82-ден 95 пайызға жетті.

Қызылорданың ішін алайық, Бейбарыс сұлтан көшесінен Б.Баймаханов көшесіне дейінгі аралықтағы Тараз көшесі мен Бейбарыс сұлтан көшесі



Бүгінде Қызылорданың Сол жағалаудағы жаңа бейнесін арнайы келіп көріп кететіндер бар. Себебі, ұлттық нақышпен әдіптелген әдемі келбет күннен-күнге құлаш жазып бара жатыр.

Сондай нысандардың бірі – жаңа автовокзал. Әрине, әрбір нысан қызметімен сұлу. Бұл автовокзал елді мекендерді аудан және облыс орталығымен байланыстыратын автобус маршруттарынан бөлек, халықаралық маршрутпен Ташкент қаласына, облысаралық Астана, Алматы, Шымкент, Жезқазған, Түркістан, Сарыағаш, Ақтөбе қалаларына 18 автобус қатынайды.

Сондай-ақ халыққа қызмет ететін қоғамдық көліктер толық жаңарды. 300 автобус қалалық 32 маршрутты 100 пайыз қамтыды. Сонымен бірге, қалада «Жөтоакси» қызметін құру жобасымен 100 электромобиль алынып, қазір қалаішлілік қызмет көрсетіп келеді.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен Қызылорда қаласынан Ақтөбе облысының шекарасына дейінгі 566 шақырым жолды 1-санатқа ауыстыру жобасы Н.Нәлібаев облыс әкімі қызметінде тұрғанда қолға алынды.

Бұл жұмыс бүгінде екі кезеңмен жүргізіліп жатыр. Көп жыл мәселе болған республикалық «Қызылорда-Жезқазған» автомобиль жолының

Руханият – өмірдің өзегі. Кейінгі жылдары Сыр өңірінің руханияты жаңа деңгейге көтерілді.

2024 жыл облыста «Руханият жылы» деп жарияланды. «Жалпақ әлемге қысылмай, қымтырылмай қарау үшін рухани байлық керек» деген екен, дана Әбіш Кекілбайұлы. Біздің аймақ осы үледен шықты.

Қызылордада 1000 орындық заманауи «Өнер орталығы» пайдалануға берілді. «Анаға тағзым» орталығы бой көтерді. Аймағымыздың 7 ауданында музей, кітапхана, мұрағат, неке кино залы, ардагерлер және аналар, жастар орталықтарын біріктіретін, типтік үлгідегі «Руханият» орталықтары пайдалануға берілді.

Облыс орталығындағы 1953 жылы салынған бұрынғы қонақүй ғимаратында орналасқан музей заман талабына жауап бере алмайтын. Бүгінгі Сол жағалаудағы жаңа музей қорында 67 мың 613 экспонат сақталған. Оның 25 мың 120-сы жәдігер түпнұсқад.

Музейдің жаңа экспозицияларында аймақтың флорасы мен фаунасы, палеонтология, археология және этнография, Қызылорда облысының экономикалық және әлеуметтік-мәдени дамуы көрсетілген.

Жалпы, мұны жүз рет айтқаннан бір рет барып көрген абзал.

Халықаралық «ТҮРКСОЙ» ұйымының шешімімен Сыр өңіріне түркі дүниесінің «Ең үздік мәдени аймағы» номинациясы берілді.

Қорыта айтқанда, аймағымызда кейінгі жылдары 34 білім беру, 45 мәдениет және спорт нысаны салынды. Бұған қоса, 40 медицина нысаны ашылды. Алдағы кезеңде 300 орынға арналған көпбейінді аурухана, 500 орындық емхана және 200 орындық перзентхана, жаңа үлгідегі драма театры және еліміздегі үшінші Президенттік кітапхана бой көтеріп, халық игілігіне айналады.

Бұл игіліктер ұрпаққа, ұлт тіліне, мәдениетіне қызмет етпек.

Осы жыл басында Қызылордада Ұлттық Құрылтайдың 5-отырысы өтті. Құрылтайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Қазақ тілі бизнестің, ғылым мен техниканың тіліне айнала бастады. Бұл үрдісті одан әрі дамытудың ең тиімді әрі төте жолы – ағартушылық. Қазір ірі кітап дүкендерінде қазақ тіліндегі туындылардың үлесі арта түсті. Соңғы кезде баспагерлердің жаңа буыны әлемдік бестселлерге айналған шығармаларды аударып жүр» деген еді.

Міне, жасалып жатқан жарқын істер мен оның мәні туралы осы сөзден ой түюге болады.

Жолдың құрылыс қарқыны аз уақыт ішінде облысқа оң өзгеріс әкелді.

2022 жылдан бүгінге дейін жол инфрақұрылымын дамытуға 185,8 млрд теңге бөлінді. Осы уақытта 1700 шақырым автомобиль жолы мен 35 көпір өткелін салу жұмысы жүрді. Бұл жұмыс әлі де тоқтаған жоқ. Осы істің нәтижесінде облыстағы жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдың үлесі 82-ден 95 пайызға жетті.

Қызылорданың ішін алайық, Бейбарыс сұлтан көшесінен Б.Баймаханов көшесіне дейінгі аралықтағы Тараз көшесі мен Бейбарыс сұлтан көшесі Н.Назарбаев даңғылынан «Қызылорда-Құмкөл» трассасына дейінгі жол 4, Н.Назарбаев даңғылынан Тәуелсіздіктің 25 жылдығы даңғылына дейінгі бөлік 6 жолақты жолға айналды.

«Тәуелсіздікке 25 жыл» даңғылы 4 жолаққа кеңейді. Даңғыл бойындағы Әбілқайыр хан көшесінен Саламатов көшесіне дейін жаңа жол салынды. Ұзындығы 23,5 шақырымдық әуежайға кіреберіс жол 4 жолақ болып түсті.

наты қызылордалықтар үшін ерекше бір сый болды. Оның үздік олимпиадалық және мамандандырылған білім ордасы болатынына қамқор.

Осыған дейін дарынды балаларымыз Алматыдағы Жәутіков атындағы мектепке баруға мәжбүр еді, енді білімдегі талантты балаларымыз алысқа ат шалмайды. Бұл мектеп олардың жарқырап шығып, топ жаруына, елге қызмет етуіне баспалдақ болмақ.

Аудандарда, Қызылорда қаласында бой көтерген «Оқушылар сарайы», «Оқушылар үйі», «Өнер мектебі» өз алдына сөз, қала көркін келтірген «Сыр жұлдыздары» балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық-инновациялық академиясы, Сол жағалауда пайдалануға берілген Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжі ғимараты – көз тартатын сәулетті архитектуралық нысандар.

Мемлекет басшысы Қызылордаға келген сапарында заманауи талаптарға сай қызмет көрсететін осы шығармашылық академиясында болды. Жас ұрпақтың жарқын болашағына бағытталған байыпты жұмыстарға оң бағасын берді.

Кейінгі төрт жылда Сыр медицинасы да тың серпінмен дамыды. 2023-2025 жылдар аралығында 29 млрд 512 млн теңгеге 42 медициналық нысан салынып, ел игілігіне берілді. Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы қарқынды жүзеге асты. Елді мекендерде отызға жуық фельдшерлік-акушерлік пункт пайдалануға берілді.


Өңіріміздің денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жаратқандыруға да баса назар аударылды.

Біздің облыста осыған дейін «Жедел жәрдем» медициналық көлігін көрмеген ауылдар бар екен. Соңғы төрт жылда жергілікті бюджет есебінен барлық елді мекендегі денсаулық сақтау ұйымдарына 225 санитарлық авто-



Н.Назарбаев даңғылынан «Қызылорда-Құмкөл» трассасына дейінгі жол 4, Н.Назарбаев даңғылынан Тәуелсіздіктің 25 жылдығы даңғылына дейінгі бөлік 6 жолақты жолға айналды. «Тәуелсіздікке 25 жыл» даңғылы 4 жолаққа кеңейді. Даңғыл бойындағы Әбілқайыр хан көшесінен Саламатов көшесіне дейін жаңа жол салынды. Ұзындығы 23,5 шақырымдық әуежайға кіреберіс жол 4 жолақ болып түсті.

Сөздің шыны керек, Қызылорда бүгінде айнадай тегіс жолымен мақтана алатын деңгейге жетті. Қаланың қара асфальты алдына түсіп жүйткіді, ауыл арасындағы айдау жолдардың бәрі жаңаша түр тапты.



Қызылордаға қарасты бөлігі бітіп, арнайы ашылу салтанатын жасады.

Алдағы кезеңде Президент Жолдауында айтылған «Сексеуіл-Бейнеу» жолының құрылыс арқылы Арал ауданының ең шеткі елді мекендеріндегі қатынас жақсаратын болады.

«Газ келмей, жаз келмейді» дегендей, өмір сапасын арттырудағы негізгі басымдықтардың бірі – газдандыру екені анық.

Нақты деректерді алдымызға жайсақ, елді мекендерді газдандыру және сапалы ауызсумен қамтамасыз ету жұмыстарының облыста тым қарқынмен жүргені көрінеді. Төрт жыл ішінде елді мекендерді газдандыруға 70 млрд теңгеден астам қаржы тартылып, 39 елді мекен және Қазалы қаласы газбен толық қамтылған.

Мемлекет басшысының елді мекендерді сапалы ауызсумен қамту жөніндегі тапсырмасы Қызылордада толықтай орындалған. 2022 жылдан бері бұл салада 77 жоба іске асырылып, облыстағы елді мекендер 100 пайыз сапалы ауызсумен қамтылған.

Жалпы, біздің айтамыз Сыр өңірі бүгінде барлық сала бойынша алдыңғы лекте келе жатыр.

Төрт жылдың ішінде аймағымызға үш рет ат басын бұрған Президентіміз өз сапарларының барысын: «Қызылорда облысы барлық салада қарқынды дамуда. Облыстың жағдайы жалпы жақсы деп қуансиз айтуға болады. Бұл – әкім Нұрлыбек Нәлібаевтың белсенді, табанды жұмысының нәтижесі» деп бағалаған болатын.

Біз айтып отырған қарқын бір күнге де босендеген жоқ. Осыдан үш айға жуық уақыт бұрын облыс басшылығына Мұрат Нәлқожаұлы Ерғешбаевтың келуі бұған дейінгі жобалар мен жұмыстардың нәтижесі тағы бір сенімді қолға өткенін сездірді.

Кейінгі уақыттың өзінде бірнеше әлеуметтік, мәдени, спорттық нысандар пайдалануға беріліп, ірі жобалардың ілгерілей беруіне табанды түрде еңбек жасалып жатыр.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»

/// БРИФИНГ

ЖАРТЫЖЫЛДЫҚ КӨРСЕТКІШ САРАЛАНДЫ

Өңірде өнеркәсіп, жер қойнауын пайдалану, индустриялық-инновациялық даму, кәсіпкерлік, сауда, инвестиция тарту және сыртқы байланысты дамыту бағытында биылғы жартыжылдықта атқарылған жұмыс ауқымды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы Мөлдір Тәуіпбаева хабарлады.

— Облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуын сипаттайтын негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерде өсім бар. Үкіметте тұрақты түрде қаралатын 7 негізгі макроэкономикалық көрсеткіштің төртеуіне басқарма жауапты. Есепті кезеңде өңдеу өнеркәсібі 13,8, өнеркәсіп 102,4, жеке инвестициялар 20,6, сауда айналымы 2,6 пайызға ұлғайып, оң нәтиже көрсетті, — деді басқарма басшысы.

Өнеркәсіп саласында серпін байқалады. Қазір 635 кәсіпорын жұмыс істеп тұр. Оның 24-і ірі, 15-і орта және 596-сы шағын кәсіпорын. Өңірдегі мұнай кен орындарының сарқылуына байланысты мұнай көлемі төмендеуде. Саударынан кейінгі бес жылда мұнай өндіру көлемі 1,3 млн тоннаға қысқарды.

Экономиканы әртараптандыру бағытында қабылданған шаралардың нәтижесінде 5 жылда өнеркәсіп құрылымындағы мұнай өндіру саласының үлесі 15 пайызға төмендесе, өңдеу өнеркәсібі 10 пайызға артып, экономиканың шикізатқа тәуелділігі азайып келеді. Биыл өнеркәсіп өндірісінің көлемі 560 млрд теңгені құрап, көрсеткіш 2,4 пайызға өсті.

Облыста инвестиция тарту жұмыстары қарқынды. Экономиканы әртараптандыру

үшін алдағы 3 жылда 48 инвестициялық жоба жүзеге асырылып, 10 мыңнан аса жаңа жұмыс орны ашылды.

— Аймақтың даму ерекшеліктеріне сәйкес негізгі басым бағыттар — агроөнеркәсіп кешені, құрылыс индустриясы, химия өнеркәсібі, энергетика, тау-кен металлургия саласы және көлік-логистика инфрақұрылымы. Осы ретте биыл 21 инвестициялық жоба іске қосылады. Қазір жолаушылар вагондарына жөндеу және техникалық қызмет көрсету кешені, құс фабрикасы, «Сұлтан -2» базары, жол бойындағы қызмет көрсету пункті ашылды. Енді жыл соңына дейін қуаттылығы 5 мың тонналық тауарлы-сүт фермасы, әк, мотоцикл құрастыру зауыттары және гофрлеу, картонның тегіс қабаты үшін қағаз өндірісі іске қосылады, — дейді Мөлдір Тәуіпбаева.

Сондай-ақ 14 ірі жобаның құрылысы басталады. Оның ішінде 4-нің құрылысы жүргізілуде, 2-нің қапсуласы салынды. Қалған 8 жобаның құрылысы жыл соңына дейін басталмақ. Ал «Тау Групп» серіктестігі қытайлық «Тика» компаниясымен желдету және ауаны баптау қондырғыларын құрастыру өндірісін жүзеге асыруда.

Жаңа инвестициялық жобалар 6 индус-

триялық аймаққа, «Қорқыт ата» арнайы экономикалық аймағына және шағын өнеркәсіптік аймағында орналасуда. Қазір «Қорқыт ата» арнайы экономикалық аймағында жүзеге асыру көзделген 18 басым қызметтің түрі бекітілді. Осы орайда қалада арнайы экономикалық аймағын құруға қажетті инженерлік желілер мен құрылыстарды салу бойынша тиісті жұмыстар атқарылууда.

Сонымен қатар, арнайы экономикалық аймақты өндірістік жобалармен толықтыру мақсатында инвесторлармен белсенді келіссөздер жүргізілуде.

Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шаралары жүйелі жалғасуда. Жемісті бағдарламаның игілігін көрген кәсіпкерлер шаруасын дөңгелентіп келеді. Мемлекет басшысы әр Жолдаудың шағын және орта бизнес өкілдеріне қолдау көрсету қажеттігін үнемі айтады.

Облыста 60 мыңға жуық шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі жұмыс істейді. Экономикалық белсенді халықтың 29,3 пайызы, яғни 102 мыңнан астам адам еңбек етеді. Экономиканың бұл секторын қаржылық қолдауға биыл бюджеттен 25,4 млрд теңге бағытталды.

Жыл басынан бері жеке кәсіпкерліктің 750 жобасына қолдау көрсетілді. Оның ішінде «Іскер аймақ» бағдарламасы аясында 14 жоба және өңдеу өнеркәсібіне бағытталған «Өрлеу» бағдарламасы аясында 70 жоба қаржыландырылды.

«Қызылорда» өңірлік инвестициялық

орталығы арқылы 16 жобаға 306,6 млн теңге көлемінде шағын несие берілді.

Бұдан бөлек «Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы, «Ағрарлық несие корпорациясы» арқылы ауыл шаруашылығы саласын қаржыландыру шаралары жалғасуда. Бастысы кәсіпкерлікке бағытталған бюджет қаржысы алдағы уақытта банктер мен даму институттарының несие ресурстары есебінен ұлғайтылатын болады.

Сауда саласында да оң динамика қалыптасты. Биыл алты айда жалпы сауда көлемі 449,5 млрд теңгені құрап, өсім 102,6 пайызға жетті. Саланы одан әрі дамыту үшін биыл 25 инвестициялық жоба жүзеге асады. Инвестиция көлемі 4,3 млрд теңгені құрайтын «Сыбаға», «Талғат» және «Ас-бол» әмбебап базарлары жаңғыртылуда. Жалпы, бұл жобалар сауда инфрақұрылымын жаңғыртып, ішкі сауда айналымын ұлғайтуға және тұрғындарға көрсетілетін қызмет сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ басқарма басшысы биылғы жоспар мен міндетке де тоқталды. Айталық, өңдеу өнеркәсібін 107%, шағын және орта бизнестің экономикадағы үлесін 21,2, негізгі капиталға 789,2 млрд теңге инвестиция және 281 млн АҚШ доллары көлемінде тікелей шетелдік инвестиция тарту көзделген.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

БОЛАШАҚТЫҢ СЫНАҒЫ — СУ ТАПШЫЛЫҒЫ

Белгілі нәрсе бар. Ол — біздегі су тапшылығында трансшекаралық суды пайдалану мәселесін шешу. Өйткені географиялық ерекшеліктеріне байланысты Қазақстандағы сегіз өзеннің жетеуі трансшекаралық болса, соның салдарынан көрші Қытай, Ресей және Орталық Азия елдерінің су шаруашылығы саясатына тәуелдіміз.

Елдегі су ресурсының 40 пайыздан астамын құрайтын Ертіс, Іле, Сырдария, Жайық, Тобыл, Есіл және Шу секілді басты өзендер көрші Ресей, Қытай, Тәжікстан, Қырғызстаннан бастау алады. Оған өзіміздің Сырдарияның Тәжікстан, Өзбекстан аумағынан өтетіні бар. Президент айтқандай, аталған өзекті мәселені саясиландыруға жол бермей, трансшекаралық өзендердің жоғары ағысында орналасқан мемлекеттермен нәтижелі келіссөз жүргізіп, осы өзендер арқылы ел аумағына келген суды тиімді пайдалануды үйлестіру — Үкіметтің тікелей жауапкершілігі.

Сала мамандарының пікірінше, шаруалардың суға деген қажеттілігі бірінші ескеріліп, жетіспеушілікті азайту үшін арнайы зерттеу қажет. Елдегі барлық су пайдалану көлемінің 65 пайызы ауыл шаруашылығы саласының қажеттілігіне жұмсалатынын, тұрақты суару кезіндегі су шығындарының көптеп кездесетінін ескеріп, вегетациялық кезеңге ерекше көңіл бөлген дұрыс. Екіншіден, су үнемдеу технологиясын кеңінен енгізу, суды шақтап пайдалану мәдениетін дамыту, жаңа тариф саясатын қалыптастыру мәселесі күн тәртібінен тыспеген жөн. Сондай-ақ гидромелиорация мамандарын даярлау да тоқтамауы тиіс.

— Су қоймаларын салып немесе күрделі жөндеуді тоқтатпаған дұрыс. Сондай-ақ көктемгі тасқын су мен күз кезінде табиғи көздерден жиналатын суды барынша пайдалану керек. Осы сумен тоспалар мен ішкі өзендер арқылы суармалы жайылымдарды, елді мекен жанындағы көп қолді суландырсақ, жазда қиындық туа қоймайды. Шабындық, қысқы мал азығының мол болуы да ауыл айналасындағы ішкі каналдар мен көлдерге, суармалы жерлерге байланысты. Екіншіден, қазір су қоймаларын салудан бөлек, ондағы жиылған судың жерге тез сіңбеуі маңызды. Ғалымдар түрлі зерттеулер арқылы су қорын сақтайтын амалдар тауып жатыр. Өзге мемлекеттерде мұндай ғылыми ізденістің нәтижесінде көктемгі тасқын су, еріген қар, жаңбыр суын босқа ысырап қылмай, пайдаланып келеді. Ал бізде керісінше, су басқан аймақтарға жыл сайын көп қаржы бөліп, тұрғын үйлерді көшіру, адамдарды басқа жерге орналастыру жұмыстарымен айналысып кетеміз. Біздегі су үнемдеуде көп зерттеу және жаңашылдық қажет, — дейді ауыл шаруашылығы сарапшысы Мырзахмет Өксікбаев.

Сырдағы ахуал қалай?

Сырдария өзені ел аумағына енген сәтте алдымен Түркістан облысындағы мол егіске тап келеді. Ал елдің 90 пайызын күрішпен қамтып отырған, барлық егін таныбы суармалы жүйеге негізделген қызылордалық диқандарға өзеннің соңғы сілемі түседі. Сонан да өңірде су тапшылығы бар.

Дегенмен, қарманған қапы қалмайды. Ескі әдісті доғарып, жаңа технология енгізген жөн. Б.І.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты басқарма төрағасының орын-



Сурет атамақ дерексіз екен

басары, инженер-гидротехник Жанұзақ Байманов аймақтың ауыл шаруашылығы толықтай Сырдария өзеніне тәуелді болғандықтан үлкен талдау қажеттігін айтады.

— Қазіргі климаттық өзгеріс бәріне белгілі. Кейінгі деректерге сәйкес, ауа температурасы әр 10 жыл сайын дүние жүзінде 0,18°C, еліміз бойынша 0,33°C-ға көтерілсе, Қызылорда облысында 0,44°C-ға өсуде. 2030 жылға қарай өзен ағыны 30-40 пайызға азаюы мүмкін, ал 2050 жылға қарай су тапшылығы 20 млрд текше метрге жетеді. Бұл — болжам. Осыған байланысты су ресурстарын тиімді пайдалану — стратегиялық міндет. Қазір су ресурстарының 85-90 пайызы ауыл шаруашылығына тиесілі. Оның ішінде негізгі үлесі күріш дақылы алады. Бұл дақылдың су тұтыну деңгейі өте жоғары. Республика бойынша орташа суару нормасы гектарына 9,5 мың текше метр болса, күріш алқаптарында гектарына 26 мың текше метрге дейін жетеді, — дейді ол.

Тағы бір маңызды көрсеткіш — судың меншікті шығыны. Шетелде 1 келі өнімге 0,15-0,6 текше метр су жұмсалса, Қазақстанда бұл көрсеткіш 10 есе және одан да жоғары. Мысалы, күріш өндірісінде ирригациялық жүйе талапқа сай болған жағдайда 1 тонна өнімге 2 300-2 500 текше метр су кетсе, жүйе тиімсіз болған жағдайда бұл көрсеткіш 6000-7000 текше метрге дейін артады екен.

— Мұның барлығы су ресурстарын тиімсіз пайдаланудан болып отырған жоқ па? Негізгі себебін ашып айт десеніз, біріншіден, суару инфрақұрылымы әбден тозған. Біздегі ашық каналдарда су шығыны 30-40 пайызға дейін жетеді. Екіншіден, ескірген, су көп тұтынатын технологияларды қолдану. Бұл тек су ысырабына емес, топырақ құнарлылығының төмендеуіне де әкеледі. Үшіншіден, күріш атыздары тегістігінің сақталмауы. Төртіншіден, суды есепке алу және басқару жүйелерінің жеткіліксіз дамуы, — деп келтірді инженер-гидротехник.

Шығыннан шығудың шешімі бар ма?

Жанұзақ Байманов ендігі сөзінде су тапшылығындағы мәселені шешудің басты жолы ғылыми негізделген үнемдеу технологияларын енгізу екенін айтады. Сонда ғана күріш және өзге суармалы егіске қажетті суды жеткізуге мүмкіндік бар.

— Бірінші бағыт — лазерлік тегістеу. Бұл технология өнімділікті 1,5 есеге арттырып, су шығынын 1,6 есеге азайтады. Екінші бағыт — су үнемдеу технологиялары. Тамшылатып суару 85-98, жаңбырлатып суару 50-75 пайыз тиімділікті көрсетуде. Үшіншісі — су ресурстарын басқаруды цифрландыру және автоматтандыру. Бұл су шығынын нақты бақылауға мүмкіндік береді. Одан кейін инновациялық технологияларды ұмытпау қажет. Ең соңғы бағыт — егіс құрылымын оңтайландыру. Біздегі күріш үлесін қысқарту арқылы 596 млн текше метрден 1,2 млрд текше метрге дейін су үнемдеуге болады, — дейді ол.

Қорыта айтсақ, өңірде суды тиімді пайдаға асыру үшін технология, инфрақұрылым, цифрландыру және егісті әртараптандыру қажет. Ең азбалы, су үнемдеу — бұл тек агротехнология емес, облыс дамуының стратегиялық негізі боларын түсінетін уақыт жеткендей. Ал мұны, яғни су үнемдеуге қатысты қолдағы бар тәсілді іске асырып жүрген жергілікті шаруашылықтар да жок емес.

— Біздің шаруашылық күріш дақылдың көлемін 30 пайызға азайтып, егісті әртараптандыруға жол ашты. 2024 жылдан бері суды аз қажет ететін жүгері дақылын мың гектарға ұлғайттық. Осы дақылға деген сұраныс та жоғары. Екіншіден, 2010 жылдан бері шаруашылық өз күшімен күріш атыздарына лазерлік тегістеу жүргізіп келеді. Оның тиімділігі — суды үнемдеудегі үлес 10-15 пайызға жетті. Мысалы, бұрынғы атыздар суды 20-25 сантиметрге биіктікке

дейін ұстаса, қазір тегістеудің арқасында 10-15 сантиметр межеге алынады. Жалпы лазерлік тегістеуді екі жыл сайын жүргіземіз. Қазір егістіктің 95 пайызы осы өңдеуден өтті, — дейді «Таң LTD» ЖШС өкілі Сәкен Шағыртаев.

Күріш екпеу қауіпті ме?

Жалпы өңірдегі егін шаруашылығын жүргізудің негізгі мәселесі — ғаламдық климаттың өзгеруінен пайда болып отырған су тапшылығы. Мұндайда аймақта суды көп пайдаланатын күріш дақылынан бас тарту керек деген пікір туындайтыны сөзсіз. Әсіресе, әлеуметтік желіде мұндай пікір көп. Әйтсе де жергілікті ғалымдар негізсіз деген ұстанымда. Себебі, облыста егін алқаптарының топырақ-мелиоративтік және гидрогеологиялық жағдайына байланысты ондағы топырақты кезең-кезеңмен сумен шайып отыру қажет. Шаю үшін де көп мөлшерде су керек. Топырақты шаю нормасы ондағы түз мөлшеріне байланысты ғылыми тұрғыда анықталады. Сондықтан күрішті мелиоративтік дақыл деп қарап, оның егіс көлемін шектен тыс азайтуға болмайды.

Мамандардың пікірінше, Сыр топырағының басты жауы — тұз. Аралдың тұздышаны менбұзылған гидрологиялық режим жердің бетін бұзды. Міне, осы жерде күріш дақылы өзінің бірегей агроэкологиялық функциясын орындайды. Күріш атызындағы су — табиғи вертикальді дренаж. Ол топырақ бетіндегі улы тұзды төмен қарай ығыстырып, өсімдік тамырына таза аймақ қалдырады. Егер Сыр бойында күріш егу тоқтаса, жерасты суларының капиллярлық күші бір-екі вегетациялық маусым ішінде сол тұзды қайтадан жоғары көтереді. Нәтижесінде, бидай да, жоңышқа да өспейтін аппақ өлі алқапқа айналады. Күріш суды ысырап етуші емес, керісінше, қазіргі техникалық артта қалған жағдайда тұз балансын ұстап тұру үшін мәжбүрлі түрде көп су пайдаланатын құрал.

Облыстық қоғамдық кеңес мүшесі Нұрбек Дәуренбековтің пікірінше, ауа ылғалдылығы туралы мәселе де назардан тыс қалмауы керек. Жазда мыңдаған гектар су айдыны Аралдан соққан аңызак желдің құрғақшылығын сындыратын микроклиматтық қалқан қызметін атқарады. Күріш алқаптары — Сыр елінің жасанды экожүйесі, өңірдің шөлейттенуін тежеп тұрған соңғы буфер.

Демек, біз күріштен бас тарта алмаймыз, енді не істеу керек? Алыс-жақын мемлекеттермен қандай тәжірибе алмасуға болады? Қазір осы маңызды сауалдардың себеп-салдары зерттелуде.

Айтқандай, биыл облыста 185,8 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, өткен жылмен салыстырғанда күріш дақылның көлемі 10,9 мың гектарға қысқарып, бүгінде 70 мың гектар күріш суға бастырылды. Суармалы егіншілікті әртараптандыру қарекеті жалғасуда. Қысқартылған күріш алқаптарына (10 мың гектар) суды аз қажет ететін дөңдік жүгері егілді. Қазір су шығынын азайту үшін 66 каналды бетондау мәселесі күн тәртібінде тұр. Сараптамадан өткен 17 жобаны қаржыландыруға бюджеттік өтінім берілген.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»



Антарктидадан алғашқы динозавр сүйегі табылды

Антарктидадан 1985 жылы табылған қазба сүйек 40 жылдан кейін динозаврға тиесілі екені ресми түрде расталды, деп хабарлайды British Antarctic Survey.

Ғалымдар оны шамамен 82 миллион жыл бұрын өмір сүрген титанозаврдың құйрық омыртқасы деп анықтады. Бұл Антарктидада табылған алғашқы динозавр қалдығы саналады.

Зерттеушілердің болжамынша, жануардың ұзындығы алты-жеті метрге жеткен. Табылған сүйек динозаврлардың Оңтүстік жартышар құрлықтарына таралуы туралы жаңа мәлімет береді.

Мамандар мұздықтардың шегінуі Антарктидадан тағы да ежелгі қазбаларды табуға мүмкіндік беруі мүмкін екенін айтады.

Некроз тудыруы мүмкін өрмекші анықталды

Португалияның Порту қаласында Пиреней түбегінде бұрын кездеспеген чилилік тақуа өрмекші табылды, деп хабарлайды Researchgate.

Мамандардың айтуынша, оның шағуы теріні қатты зақымдап, тіңдердің некрозына әкелуі мүмкін. Алайда өрмекші жасырын тіршілік етіп, адамды сирек шағатындықтан, қауіп деңгейі төмен деп бағаланып отыр.

Алғашқы өрмекші 2025 жылғы қыркүйекте, екіншісі 2026 жылғы қаңтарда анықталған. Ғалымдар оның Порту қаласынан тыс аймақтарға таралған-таралмағанын әзірге білмейді.

Зерттеушілер экзотикалық түрлердің таралуына халықаралық сауда, урбанизация және климаттың жылынуы әсер етуі мүмкін екенін атап өтті.

Микропластикпен күресетін материал ойлап тапты

18 жастағы ирландиялық Айра Сатиш микропластикпен күресуге арналған жобасы үшін Earth Prize 2026 сыйлығының Еуропадағы жеңімпазы атанды, деп хабарлайды Euronews.

Ол арнайы ферменттер бөлетін өсімдік негізіндегі биобұйрайтын пластик әзірлеген. Бұл ферменттер топырақта, тұщы және тұзды суда кездесетін микропластик бөлшектерін ыдыратуға көмектеседі.

Жас өнертапқыш жүлдеге алған 12,5 мың долларды технологияны сынауға және өндіріс көлемін арттыруға жұмсамақ.

Болашақта жаңа материалды қаптама мен компостталатын пакеттер өндірісінде пайдалану жоспарланып отыр.

150 жыл бұрын алынған кітап кітапханаға қайтарылды

Австралияның Киама қаласындағы кітапханаға шамамен 150 жыл бұрын алынған кітап қайтарылды, деп хабарлайды Associated Press.

1858 жылы жарық көрген «Афина көне жәдігерлері» атты кітап үй жөндеу кезінде кірпішпен жабылған каминнің ішінен табылған. Ол 1872 жылы ашылған кітапхананың алғашқы мың кітабының бірі болған.

Мамандардың есебінше, кешіктірілгені үшін айыпшұл қазіргі бағамен 28 мың австралиялық долларға жетер еді. Алайда кітапхананың 1870 жылдардағы оқырман жазбалары сақталмағандықтан, кітапты нақты кім алғаны белгісіз.

Суға зақымданған көне кітап енді кітапхананың өлкетану қорында қормеге қойылады және қайта беріледі.

Ашық дереккөзден дайындаған Бағлан АМАНЖОЛ,
«Сыр бойы»



Сұрат ашық деректерден

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ САПАСЫ БАҚЫЛАУДА

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау және жетілдіру – мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттырудың, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың маңызды бағыттарының бірі. Бұл бағыт мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің заңнама талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге, қызмет көрсету рәсімдерін жетілдіруге, бюрократиялық кедергілерді азайтуға және азаматтарға қолайлы, ашық әрі қолжетімді қызмет көрсету жүйесін қалыптастыруға бағытталған.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті тарапынан мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына тұрақты бақылау жүргізіліп, анықталған бұзушылықтарды жою, олардың алдын алу және қызмет көрсету процестерін жетілдіру бойынша жүйелі шаралар жүргізілуде.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау және жетілдіру бағыты бойынша 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында атқарылған жұмыстар туралы департаменттің Мемлекеттік қызметтер басқармасының басшысы Зухра Арыновамен сұхбаттасқан едік.

– Зухра Серікқызы, осы жылдың бірінші жартыжылдығында облыста мемлекеттік қызмет көрсету бағытындағы негізгі көрсеткіштер қандай болды?

– Есепті кезеңде облысымызда жалпы 396 мемлекеттік қызмет түрі көрсетілді. Оның ішінде 195 қызметті жергілікті атқарушы органдар, 201 қызметті аумақтық мемлекеттік органдар ұсынды. Барлығы 2 928 126 мемлекеттік қызмет көрсетілді. Оның 619 010-ы немесе 21,1%-ы аумақтық мемлекеттік органдарға, ал 2309 116-сы немесе 78,9%-ы жергілікті атқарушы органдарға тиесілі.

– Мемлекеттік қызметтердің көрсетілу тәсілдері бойынша қандай көрсеткіштер қалыптасты?

– Аумақтық мемлекеттік органдар көрсеткен 619 010 қызметтің ішінде 1319 қызмет қағаз түрінде, 491 646 қызмет электрондық форматта, 126 045 қызмет Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілді.

Ал жергілікті атқарушы органдар көрсеткен 2 309 116 қызметтің ішінде 9787-сі қағаз түрінде, 2 299 329 қызмет электрондық түрде көрсетілді. Бұл бағытта Мемлекеттік корпорация арқылы қызмет көрсету тіркелген жок.

– Департамент мемлекеттік қызмет көрсету сапасына бақылау жұмыстарын қалай жүргізді?

– Биылғы бірінші жартыжылдықта департамент арқылы 17 бақылау іс-шарасы өткізілді. Оның ішінде 7 жоспарлы тексеру, 8 жеке және заңды тұлғалардың жолданымдары бойынша жоспардан тыс тексеру, сондай-ақ 2 мемлекеттік органның хабарламалары негізінде тексеру жүргізілді. Барлық тексерулер мен қашықтықтан мониторинг нәтижесінде 6093 заңбұзушылық анықталды. Оның 3645-і аумақтық мемлекеттік органдарда, 2448-і жергілікті атқарушы органдарда тіркелді.

– Жоспарлы тексерулердің нәтижелері қандай болды?

– Жоспарлы тексерулер барысында 2 425 заңбұзушылық анықталды. Оның ішінде 2 388-і жергілікті атқарушы органдарда, 37-сі аумақтық мемлекеттік органдарда тіркелді.

Нәтижесінде заңбұзушылықтарды жою мақсатында 7 ұсыныс енгізіліп, олардың арасында 16 нұсқама мен ұсыным берілді. Барлығы толық орындалды. Сонымен қатар 2 қызметкер тәртіптік жауапкершілікке, 1 лауазымды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

– Азаматтардың өтініштері бойынша жүргізілген жұмыстар туралы айтып өтсеңіз...

– Жеке және заңды тұлғалардың жолданымдары негізінде 8 жоспардан тыс тексеру жүргізіліп, нәтижесінде 36 заңбұзушылық анықталды. Оның ішінде 30-ы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін бұзу, 6-уы негізсіз бас тарту фактілері. Осының негізінде 17 ұсыныс енгізіліп, 39 нұсқама мен ұсыным берілді. Сонымен бірге 7 қызметкер тәртіптік, 3 лауазымды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

– Қашықтан байқау дегеніміз не? Ол бағыттағы жұмыс қалай жүргізіледі?

– Қашықтан байқау мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелеріне қол жеткізу арқылы немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептік ақпарат пен өзге де мәліметтер негізінде байқау жолымен жүргізіледі. Демек, агенттіктің тапсырмасына сәйкес қолжетімділік берілген ақпараттық жүйелер арқылы мемлекеттік органдармен көрсетілген қызметтердің сапасы қашықтан бақыланады.

Жалпы есепті кезеңде қашықтан байқау нәтижесінде 3623 заңбұзушылық анық-

талды. Оның ішінде 3 608-і аумақтық мемлекеттік, 15-і жергілікті атқарушы органдарда тіркелді. Нәтижесінде мемлекеттік органдарға 18 нұсқама мен ұсыным беріліп, олардың барлығы орындалды.

– Азаматтардың құқықтарын қорғауда қандай нәтиже бар?

– Есепті кезеңде мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қатысты 76 өтініш келіп түсті. Олардың 50-і қаралды, 16-сы иесінің өтініші бойынша тоқтатылды, 10-ы ведомстволық бағыныстылығы бойынша басқа мемлекеттік органдарға жолданды. 8 өтініш бойынша тексеру жүргізіліп, барлық 8 қызмет алушының құқықтары толық қалпына келтірілді.

Сонымен қатар сұрау салу тәртібімен 2 қызмет алушының құқығы қалпына келтірілді. Бұдан бөлек, жоспарлы тексерулер нәтижесінде 1475 қызмет алушының құқықтары қалпына келтірілді.

– Заң талаптарын бұзған лауазымды тұлғаларға қандай шаралар қолданылды?

– Рұқсат құжаттарын беру мерзімі мен тәртібін бұзғаны үшін мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларына Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 465-бабы бойынша 19 әкімшілік хаттама толтырылды. Оның ішінде 465-баптың 1-бөлігі бойынша – 3; 2-бөлігі бойынша – 10; 3-бөлігі бойынша – 6 хаттама толтырылды. 18 хаттама қысқартылған тәртіппен, 1 хаттама сот тәртібімен қаралып, жалпы 1 453 200 теңге көлемінде айыппұл салынып, толық өндірілді.

Сонымен қатар мемлекеттік органдар мен ұйымдардың 13 қызметкері тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

– Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру бағытында қандай алдын алу және түсіндіру жұмыстары жүргізілді?

– Алдын алу шараларына ерекше көңіл бөлінеді. Есепті кезеңде 5 мекемеде қоғамдық мониторинг жасалды. Сондай-ақ қоғамдық кеңестің 3 отырысында мемлекеттік қызмет көрсету бойынша 8 мәселе қаралып, 15 ұсыным берілді. Сонымен қатар, ведомствоаралық жұмыс тобының 2 отырысында мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру бойынша өзекті мәселелер қаралып, 5 мемлекеттік органға 15 ұсыным берілді. Бұған қоса, «Елге қызмет» арнайы телебағдарламасының 10 шығарылымы эфирге шықты және «Ең алдымен адамдар» арнайы оқу бағдарламасы аясында 2 семинар өткізіліп, 40 мемлекеттік қызметші оқытылды.

– Халықпен кері байланысты нығайту амалдары қандай?

– Агенттік арқылы бекітілген кестеге сәйкес осы жылдың 20 мамыры күні «Қоспкерлік және салық мәселелері» тақырыбында қызмет алушылар күні ұйымдастырылды. Іс-шара барысында тұрғындар мемлекеттік қызмет көрсетуші органдардың мамандарына өз сұрақтарын қойып, нақты жауаптар алды. Шараға 70-ке жуық қызмет алушы қатысып, қажетті ақпаратпен қамтылды. Сонымен қатар департамент пен мемлекеттік органдар қызметкерлерінің қатысуымен 15 семинар, 3 интернет-конференция, 3 тікелей эфир өткізіліп, жалпы 3186 көрермен қамтылды.

Жалпы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау мен заңбұзушылықтардың алдын алу, ең алдымен азаматтардың мемлекетке деген сенімін нығайту, қызмет алушылардың құқықтарын қорғау бойынша атқарылатын жұмыс жауапкершілігі нығая береді.

Сұхбаттасқан
Е.ДӘУІР

Ерлан БӘКІРОВ,
облыстық балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқарма басшысы:

«БІЗДІҢ МАҚСАТ – БАЛА ҚИЫН ЖАҒДАЙҒА ТҮСКЕННЕН КЕЙІН ЕМЕС, ОҒАН ДЕЙІН КӨМЕК КӨРСЕТУ»



– Ерлан Әмірханұлы, қазіргі қоғам бала өміріне қатысты екі құндылыққа – сапалы білім мен қауіпсіздікке ерекше мән бере бастады. Осы тұрғыдан алғанда, жаңадан құрылған басқарманың қоғам алдындағы негізгі міндеті қандай?

– Бала мәселесінде басымдықтарды бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Сапалы білім де, дұрыс тәрбие де, қауіпсіз орта да бір-бірімен өзара тығыз байланысты. Егер бала өзін қауіпсіз сезінбесе, оның қабілетін толық ашуы да, қоғамға бейімделуі де қиын. Сондықтан бүгінгі таңда бала құқығын қорғау әлеуметтік мәселе ғана емес, еліміздің орнықты дамуына тікелей әсер ететін сала деуге болады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев балалардың құқығын қорғауды мемлекеттік саясаттың басым бағыты ретінде айқындады. Соның нәтижесінде еліміздің барлық өңірінде Балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқармалар құрылды. Бұған дейін барлық аймақта балалардың құқығын қорғайтын өңірлік өкілдер тағайындалған болатын. Басқарма қызметкерлерінің ерекше мөртебесі мен функциялары Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы заңда бекітілген. Басқарма негізгі 4 бағытта жұмыс атқарады. Олар – қорғаншылық және қамқоршылық, қылмыстық процестегі, оның ішінде зорлық-зомбылықтан зардап шеккен балаларды, арнайы мектеп түлектерін, бас бостандығынан айыру орнындағын босатылған кәмелетке толмағандармен жұмысты үйлестіру және сүйемелдеу, психологиялық қолдау қызметін үйлестіру, балалар құқығын қамтамасыз ету және қорғау мәселелері.

– Таяуда Оқу-ағарту министрлігі барлық өңірдің басқарма басшыларын бір алаңға жинағанын білеміз. Онда қандай мәселелер көтерілді? Алдағы бағыт қандай болмақ?

– Бұл жиында балалардың құқығын қорғау мәселесіне кешенді көзқарас тұрғыдан қарау, мемлекеттік бағдарламаларды сапалы орындау және профилактикалық шараларды уақытылы ұйымдастыру мақсат болды. Буллинг пен кибербуллингтің алдын алу, отбасымен жұмысты күшейту, өмірлік қиын жағдайдағы балаларды ерте анықтау, цифрлық қауіпсіздік, психологиялық қызметтің әлеуетін арттыру, мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын жетілдіру мәселелері жан-жақты талқыланды.

– Бүгінде бала қауіпсіздігі тек отбасы мен мектептің мәселесі емес, тұтас қоғамның жауапкершілігіне айналды. Осындай жағдайда әр азаматтың ролі қандай болуы керек деп есептейсіз?

– Кез келген бала – ең алдымен мемлекеттің азаматы. Сондықтан оның қауіпсіздігіне бәріміз жауаптымыз. Өрине, баланың тәрбиесі мен қауіпсіздігі үшін бірінші кезекте ата-ана жауапты. Бірақ қазіргі жағдай көрсетіп отырғандай, бала құқығын қорғау тек бір отбасының немесе бір мемлекеттік органның мүмкіндігімен шектелмейді. Сіздің сауалыңызға орай «Бір баланы тәрбиелеу үшін бір ауыл керек» деген мазмұндағы тағылымды түсінік есіме түсіп отыр. Бүгінгі күні де осы қағида өзектілігін жоғалтқан жоқ. Өкінішке қарай кейде кейбір азаматтар «бұл басқа отбасының мәселесі» деп сырт айналып жатады. Ал дәл сондай үнісіздік кейде орны

толмас жағдайларға әкеледі. Баланың құқығы бұзылғанын, оның өмірлік қиын жағдайға тап болғанын немесе қауіптің белгілерін байқаған кез келген азамат тиісті органдарға хабарлаудан тартынбауы керек.

Басқармаға әртүрлі органдардан және жеке азаматтардан кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау туралы түрлі хабарламалар түседі. Әр түскен хабарлама бойынша тиісті шаралар қабылданып, мәселені шешуге жұмыс жасаймыз. Мәселен, Қызылорда қалалық соты қала тұрғындарын тұрғын үйден шығару туралы шешім шығарған. Мәселені зерттеу барысында көрсетілген мекенжайда кәмелетке толмаған қорғаншылықтағы балалар бар екені анықталды. Осы орайда кәмелетке толмаған балалардың құқығы мен заңды мүдделерінің бұзылуы мүмкін тәуекелдері бағаланып, үйден шығару жөніндегі атқарушылық әрекеттердің кейінге қалдырылуына ықпал еттік. Тағы бір мысал, отбасы, әйелдер және балалардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі 111 нөмірлі бірінші байланыс орталығына Қызылорда қаласының 11-сынып бітірушісі хабарласып, анасының ұрып-соғатынын, жұмыс істеуге мәжбүрлейтінін жеткізген. Тұрмыстық зорлық-зомбылық белгілерін анықтау мақсатында жүргізілген тексеру қорытындысында бала анасынан оқшауланып, оған психологиялық қолдау көрсетілді. Анасы балаларды тәрбиелеу және оқыту жөніндегі міндеттерді орындамағаны үшін Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 127-бабымен әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Біздің мақсат – қиын жағдайға тап болған әр балаға қолдау көрсету және қауіптің алдын алу.

Жақында «тәуекел тобына» кіретін және суицидтік мінез-құлық белгілері байқалатын балаларға көмек беретін менторлармен кездесу өткіздік. Облыста мұндай жағдайдағы 148 бала бар. Олардың қазіргі ахуалына терең талдау жүргізе отырып, балалардың әлеуметтік ортаға бейімделуіне қолдау көрсету, дұрыс бағыт-бағдар беру және өмірлік қиындықтарды еңсеруіне жәрдем беруді мақсат еттік. Сонымен бірге біз үкіметтік емес ұйымдардың әлеуетін де тиімді пайдалануды көздеп отырмыз. Өткен аптада азаматтық қоғам өкілдерімен кездесіп, ортақ мәселелерді талқыладық. Балалардың құқығын қорғау ісіне балалар омбудсмендерін де тартамыз.

– Қазір жаз мезгілі. Қауіп-қатерге тап болған бала немесе оған кәу баланың азамат қандай әрекет жасауы керек?

– Жаз мезгілі балалар үшін демалыс кезеңі болғанымен, дәл осы уақытта қауіп-қатер де қобейеді. Суға кету, жол-көлік оқиғалары, қараусыз қалу, терезеден құлау, интернет алаяқтары – өкінішке қарай мұның бәрі жылда кездесетін жағдайлар. Егер баланың өміріне нақты қауіп төніп тұрса, ең алдымен, 102 немесе 112 қызметіне хабарласу қажет. Сонымен қатар елімізде тәулік бойы жұмыс істейтін 111 нөмірлі бірінші байланыс орталығы бар. Ол арқылы балалар да, ата-аналар да құқықтық және психологиялық көмек ала алады. Сонымен бірге басқармада сенім телефоны жұмыс істейді: 8(7242) 60-54-58. Біздің мақсат – бала қиын жағдайға түскеннен кейін емес, оған дейін көмек көрсету.

– Әлеуметтік желілерде өзіңіз бастаған басқарма қызметкер-

лерінің арнайы формамен түнгі рейдке шығып, көше мен нысандарды аралап жүргендеріңізді көреміз. Кейбір азаматтар рейдтік іс-шараларды тек бақылау ретінде қабылдайды. Рейдтің нақты тиімділігі қандай?

– Шын мәнінде рейдтің мақсаты – біреуді жазалау емес, баланы қорғау. Сол сияқты су айдындарындағы, ойын-сауық орындарындағы, сауда орталықтарындағы рейдтердің барлығы қайғылы жағдайлардың алдын алуға бағытталған. Біз үшін ең жақсы нәтиже – ешқандай төтенше жағдайдың болмауы. Басқарма ашылған уақыттан бері «Түнгі қаладағы балалар», «Зансыз бала еңбегін қолданудың алдын алу», «Жасөспірім» сияқты рейд шаралары үнемі жүргізіліп келеді. Рейд барысында балалардың түнгі уақытта заңды өкілсіз жүрген, сағат 22.00-ден кейін кафелер мен компьютерлік клубтарда отырған, көлік жуу және басқа да орындарда келісімшартсыз жұмыс жасап жүрген жасөспірімдер анықталды.

Балалардың құқығын қорғау – жоғары жауапкершілікті талап ететін маңызды міндет. Осы бағыттағы жұмысты тиімді ұйымдастыруда жұмысның кәсібилігі және азаматтармен ашық қарым-қатынасы ерекше маңызға ие. Өзіңіз аңғарған бірыңғай киім үлгісі барлық мамандарымызға берілді. Бұл қадам балалармен, ата-аналармен және білім беру ұйымдарының өкілдерімен өткізілетін кездесулерде, профилактикалық және ақпараттық түсіндіру шараларында басқарма қызметкерлерімен тиімді байланыс орнатуға, сондай-ақ қызметтік этика мен ұжымдық мәдениетті нығайтуға бағытталған.

– Ерлан Әмірханұлы, жазғы уақытта лагерлердің жұмысы қызады. Лагерлерде қауіпсіздік талаптары шын мәнінде сақтала ма?

– Біз мүдделі мемлекеттік органдармен бірге облыс аумағындағы жазғы сауықтыру лагерлеріне мониторинг жүргіздік. Жақында Қызылорда облысының сапаны қамтамасыз ету департаментімен бірге Жалағаш және Сырдария аудандарындағы лагерлерге барып, балалармен жүздесіп, олардың тынығуын ұйымдастыру мәселесін көріп қайттым. Негізгі мақсат – балалардың демалысын ұйымдастыру жағдайларын зерделеу, санитариялық талаптардың, өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақталуын, медициналық қызметтің ұйымдастырылуын және жалпы қауіпсіздік шараларының орындалуын бағалау.

– Жаз мезгілінде кейбір жасөспірімдер әртүрлі жұмысқа тартылады. Заңды еңбек пен зансыз еңбекке тартудың айырмашылығы неде?

– Өзіңіз байқағандай, жазғы демалыс кезінде жасөспірімдердің еңбекке араласуға қызығушылығы артады. Алайда кез келген еңбек, ең алдымен, заң талаптарына сәйкес ұйымдастырылуы қажет. Еңбек кодексіне сәйкес кәмелетке толмағандарды жұмысқа қабылдаудың өз тәртібі бар. Мысалы, еңбек шарты жасалуы тиіс, жұмыс баланың денсаулығына зиян келтірмеуі керек және оның оқуына кедергі болмауы қажет. Сонымен қатар жасөспірімдерді ауыр, қауіпті немесе зиянды жұмыстарға тартуға заңмен тыйым салынған. Сондай-ақ балалардың түнгі уақытта жүруіне заңмен шектеу қойылған. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы заңға сәйкес 18 жасқа толмаған балалар сағат 23:00-ден таңғы 06:00-ге дейін заңды өкілсіз тұрғынжайдан тыс жерде жүруге болмайды. Ал ойын-сауық орындарында (кафе, компьютерлік клуб, кинотеатр және басқа да осындай орындарда) 22:00-ден кейін ата-анасының немесе заңды өкілі еріп жүруі керек. Егер жұмыс беруші еңбек шартын жасамаса, белгіленген уақыттан артық жұмыс істесе, қауіпті жұмысқа тартса немесе еңбек қауіпсіздігін қақтама-са, бұл баланың еңбек құқығының бұзылуы болып саналады. Мұндай әрекеттер үшін заңда жауапкершілік қарастырылған.

– Өңіміңізге рақмет!

Сұхбаттасқан:
Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы».

Суретті түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

/// ТЕМІР ЖОЛДЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА – 120 ЖЫЛ

ШОЙЫН ЖОЛДЫҢ ШЕЖІРЕЛІ ТАРИХЫ

Биыл – Сыр өңірінің экономикасына қан жүгіртіп, алысты жақынлатып, барыс-келісті жеңілдеткен теміржолдың құрылғанына 120 жыл. Шойын жолдың шежірелі тарихынан сыр шертетін бірегей жәдігерлер Қызылорда локомотив депосының музейінде сақтаулы тұр.



Мұзей 1976 жылы депоның 70 жылдығы қарсаңында ашылып, кейін күрделі жөндеуден өтті. Кіреберісінде екі географиялық карта ілінген. Оның бірінде қазақ жерінде әлі теміржол салынбаған XIX ғасырдағы, ал екіншісінде теміржол салынған XX ғасырдағы көрініс бейнеленген.

1900 жылы Ташкент пен Орынбор аралығында теміржол салу мәселесі қозғалып, осы жылдың күзінде құрылыс басталды. 1901 жылдың 26 сәуірінде Ресей патша үкіметінің мемлекеттік кеңесі алдын ала бекітілген екі бағыт бойынша, яғни шығыста Орск-Торғай, батыста Илецк-Ақтөбе-Шалкар-Қазалы-Қызылорда арқылы теміржол салына бастады. 1904 жылы 1 қаңтарда Орынбор-Қазалы бөлігі аяқталса, 1905 жылы 5 қаңтарда Ташкент-Қазалы аралығында жолаушылар мен жүк пойыздары үздіксіз қатынай бастады. 1853 жылғы 28 шілдеде Орынбор генерал-губернаторы Василий Алексеевич Перовский Сыр бойы казактарын қорғауды сылтауратып орыс әскерімен Ақмешіт бекінісіне басып кіріп, қокандықтарды қаладан қуып шығады. Қала Перовск аталып, 1867 жылы Сырдария уезінің орталығына айналады. Санкт-Петербург мұрағатынан алынған анықтамаға сүйенсек, Перовск паровоз депосы 1906 жылы 1 қаңтарда толық пайдалануға берілген. Бұл жерден облыс стансаларындағы теміржол вокзалдары мен деполарының құрылысы туралы дерекке қанығуға болады. Келушілер сондай-ақ 1917 жылы азамат соғысының басталуына байланысты қауіп-қатердің алдын алу мақсатында құрылған Қызыл гвардия

партизан жасағы туралы ақпаратпен таныса алады. Құрамында 76 депо жұмысшысы мен коммунист бар жасак машинист көмекшісі Николай Федорович Селиверстовтың басшылығымен сол кездері «Атбасар» станциясынан Перовск қаласының тұрғындарына азық-түлік, нан жеткізген. Қызылгвардия-шылар командирі «Қандыағаш» станциясында ерлікпен қаза тапты. Тағы бір экспозиция екінші дүниежүзілік соғыс кезінде еселі еңбектің үлгісін көрсеткен паровозшыларға арналды. Соғыс басталған алғашқы уақытта депо жұмысшыларының жартысына жуығы майданға аттанған. Теміржолшылардың бейбіт өмірдегі еңбегі мен ерлігі, қыруар жетістігі де төрімізде тұр, – деді музей қызметкері Үміт Беккожаева.

Музейдің негізін машинист-нұсқаушы Я.Козулин қалап, оның жұмысын ұйымдастыруға депо бастығы А.Оспанов, бөлімше бастығы О.Жанәділов, Ж.Хамидов, кәсіподақ ұйымының төрағасы А.Тілеуғабылов атсалысты.


Мұнда теміржолда әр жылдары қолданылған қолшамдарды, машинистер құрал-сайманы мен құжатын салып жүретін жолапар сөмкелерін, өткен ғасырдың 90-жылдарына дейін қолданылған телефондарды, өткен ғасырдың басында және 60-жылдары шығарылған рельс түрлерін, бокс табанын кезіктіруге болады. 8 жұмысшы паровозды орнынан қозғалту үшін осындай 4 бокс табанын пайдаланған. Соғыстан кейін халық шаруашылығын қалпына

келтіру мақсатында паровоз паркі, теміржол жөндеу жұмысы қарқын алды. 1960 жылы тепловоз тұратын екі секциялы цех салынды. Дайындау цехының жанынан жанармай аппаратураларын, автотежегіш қондырғыларын, электр аппаратураларын жөндеп, қалпына келтіретін бөлімдер, құрал-сайман цехы қайтадан жасакталды. Қазақстан шыққан тұңғыш паровоз машинисі Ермахан Нұрбаевтың осы депода еңбек еткені – біз үшін мақтаныш. Ғасырлық тарихында депо жол қатынасы министрлігі мен теміржол кәсіподағы орталық комитетінің ауыспалы «Қызыл туын» иеленген. 1904 жылдан бері қолданыста болған паровоз, тепловоздардың макеті өткен күнді көз алдымызға әкеледі, – деді музей қызметкері.

2005 жылы Қызылорда локомотив депосы ғасырлық тойын атап өтті. Мерейтой қарсаңында депо ауласында биік тұғырда паровоз ескерткіші бой көтерді.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

/// ОҚЫРМАН ОЛЖАСЫ



ЖҮРЕГІМДЕ БҮР ЖАРҒАН ЖҮЗ БІР ӨЛЕҢ

Ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, халықаралық Махамбет атындағы сыйлықтың иегері Оңталап Базаралының «101 өлең» атты таңдаулы жыр жинағы жарыққа шықты.

Кітаптың алғашқы беті ақын, Қазақстан Жазушылар одағы Басқарма төрағасының орынбасары, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қасымхан Бегмановтың «Оңталаптың отты жырлары» атты алғысөзімен ашылыпты. «О, менің құт мекенім, Шабан түбек, Түскенде сен есіме қалам жүдеп. Қоптастым он жасымда өзінменен, Мен сенде қала алмадым

табан тіреп, – деп қонысынан көшкенде жазған өлеңі адам баласын бейжай қалдырмасы анық.

Ақын жүрегі қашан да алаулап тұрады. Ол өлеңді жүрек түкпіріндегі жалынмен жазады, сондықтан да оның жырлары тыңдаушысына тез жетеді.

Биыл зейнет жасына жеткен ақынның «101 өлең» атты кітабы жарыққа шығып жатыр. Осыған дейін бес кітабын жарыққа шығарып, өлеңдерінің ширағаны көзге ұрып-ақ тұр. Лирикалық жырлары жүйріктің майда жалаңдай желбіреп, Аралдың ақ айдынындай молдірейді» деп баға беріпті қазақтың көрнекті ақыны Қасымхан Бегманов.

Иә, шынында ақын Оңталап Базаралы өлеңдерінде өмірдің боямасыз кейпі, көңілдің әрбір сәтіндегі әрқилы әсері қаз қалпында бейнеленген.

Білмегенім көп болған соң

білгеннен, Көп жағдайда шатқаяқтап

күрмелгем. Бақыт деген құс екен деп жүріпін, Оның қалай қонатынын кім көрген, – деп жырлайды ақын.

Жана жыр-жинакта ақын жүрегінде бүр жарған жүзден аса өлең бар. Оның ішінде атамекені – Арал өңірінен бастап, Сыр өлкесі, сымбатты Қызылорда қаласы, тұрғындарының табиғаты, тағдыры, болашағы, одан бөлек, қарапайым өмір қалыбы туралы толғанысты туындылары кездеседі. Кейбірі керемет әнге айналған. Мысалы:

Армысың, Қызылорда – сыршыл қала, Ерекше гүрпың дара, жұртың дана. Ақ қанат арманына қанат қағып, Жасампаз келбетіңмен тұрсың, дара.

Мәртебең – Қызылордам, биік екен, Қорқыттың қобызындай күйі бекем. Алаштың анасындай Қызылордам, Мен сені мәңгілікке сүйіп өтем, – деп келетін жыр шумақтары әсем әнмен өріліп, өзіндік үні бар өміршен дүниеге айналды.

Жалпы өлең дейтін дүние – көптің көңілінен шығып, сезімнен селт еткізіп, қандай да бір әсер қалдыра алса қаделі. Сондықтан ақын үшін жыр жазудың бейнеті мен ләззатынан бөлек, жауапкершілігі де зіл батпан.

Жырлаудың табиғатын, тамашасын, Болмысын Аспан, жердің

жарасатын.

Қара өлең, сенде тылсым

күдірет бар, Ғасырлар, Дәуірлерден әрі асатын, – деп жырлағандай, ақын өзі серік еткен қара өлеңнің болашағына өш күмәнсіз сенім артады. Осыған ош да сол сеніммен орайласар дейміз.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»



КЕНТКЕ КЛУБ МӘРТЕБЕСІ АЗДЫҚ ЕТПЕЙ МЕ?

Қармақшы ауданына қарасты Төретам кентіндегі клуб үйі 2012 жылдың аяғында ашылған. Содан бері осындағы халыққа мәдени-рухани қызметін аяған емес. 150 орындық клубтың 13 мыңға жуық халқы бар Төретам кентіне аздық боларын білеміз. Бірақ мұндағы мәдениет қызметкерлері жоқтан бар жасап, қолдан келгенше әр мерекеде ел-жұрттың көңілін көтеріп жүр.

Клуб қыста бұған дейін көірмен жылытылып келген. Былтыр ғана әкімдік көмегімен «көгілдір отынға» қосылғанын естідік. Қазір осы мекемеде 8 үйірме ашылған, яғни домбыра, вокал, көркемсөз оқу, актерлық шеберлік және тоқызқұмалақтан балаларға дәріс беріледі екен.

Әйтсе де, клубтағы кейбір үйірмелерге маман жетіспейді. Мысалы, сурет, би сияқты үйірме ашқанмен, арнайы штат жоқ. Әйткені, әу баста кәсіпорынға бөлінген маман саны осындай. Неге екені белгісіз, тұрғын саны жеткілікті Төретамдағы мәдени ғимарат әлі күнге дейін ауылдық елді мекенге тән клуб атын иеленіп отыр. Ал халық осындай көп шоғырланған ортадағы мәдени нысандар «Мәдениет үйі» деген статуста.

Тағы бір кемшілік, клуб ашылғалы мұндағы музыкалық және сахналық керек-жарактар мүлде ауыспаған. Дыбыс күшейткіштер де әбден ескірген. Тек былтыр ғана үнемделген қаржы көзінен бейнебақылау орнатылып, микрофон, көрермен залы мен есік алды жарықшамдары ауыстырылыпты.

Шағын ұжым болсақ та біздің жетістігіміз көп. Клуб жанынан құрылған «Ару әжелер» ансамблі тұрақты жұмыс істейді. Халықаралық, республикалық, облыс пен аудандық өнер сайыстарында топ жарып жүрген балалар да жеткілікті. «Тұмар» би ансамблі, «Айналайын» кварталеті, Сұлу Әбілқайыр, Мадияр Оразбаев, Ислам Жаңабергенов, Ханкейрей Жұматай, Гүлфайруз Токбергенова сынды әншілерімізді атап айтқым келеді. Кент өнерпазы, ақын, талай жыр мүшәйраларының жеңімпазы Мөлдір Тәңібергенова да асы біздің клубтың

тұрақты мүшесі. Музыкалық аспапта керемет ойнайтын Асылбек Токбергенов, Назым Әмірбекова, Әділет Советті мақтан етеміз. Ал «Серпер» домбырашылар ансамблі өз маманымыз Аружан Қожахметованың жетекшілігімен көп байқаудан жүлдесіз қайтқан емес, – дейді кәсіпорын басшысы Рауан Ысқаков.

Рауанның сөзінше, клуб жанынан құрылған «Қоңыр қаз» домбыра үйірмесінің жеткіншектері «Күй табиғаты» атты халықаралық байқаудан Гран-при жеңіп алыпты. Ал балалар шығармашылығына арналған аудандық XXVIII «Бозторғай» конкурсының іріктеу кезеңінде «Вокал» жанры бойынша үздік өнер көрсеткені үшін Айзия Орынбасарова облысқа жолдама алған. Дәл осындай жолдама «Старс» би тобына да бұйырыпты. Бұған қоса клуб маманы Асылзат Ақпанбетова дайындайтын, XI республикалық «Шабыт қанатында» өнер конкурсына қатысып, ән салудан бас жүлде алған Айзия Орынбасарованы да келешек Қармақшы ауданының атын шығарар өнерпаз десек әбден болар.

Клуб басшылығы жергілікті өнерпаздарды дайындайтын керекті маман бөлінесе, әлі де бағындырар белес көп дейді. Қалай десек те шығармашылық жолында ел ішіндегі көп талантты ұл-қызды жетекке алған мұндай ұжымның сұранысы жән дейміз. Аудан басшылығы тұрғыны көбейген Төретам кентінің клубына көңіл бөлер деген сенімдеміз. Тіпті мұндағы көп халыққа үлкен ғимарат салып берсе де артық етпес еді.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

Хабарландыру

«Қызылорда қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» КММ 10.08.2026-14.08.2026 аралығында «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша: «Қызылорда қаласындағы Сырдария өзені арқылы өтетін жаяу жүргіншілер көпірінің құрылысы» жұмыс жобасына талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар ақпараттық жүйеде (ndbecology.gov.kz) өткізілетін болады.

Ескертулер мен ұсыныстар беру үшін «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың ұлттық деректер банкі» сайтында (ndbecology.gov.kz.) жобалық құжаттама пакетімен танысуға болады.

Объявление

КТУ «Қызылординский городской отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог» сообщает о том, что в период с 10.08.2026-14.08.2026 года на информационной системе (ndbecology.gov.kz) будут проводиться общественные слушания в форме публичного обсуждения по Разделу охрана окружающей среды разработан к рабочему проекту «Строительство пешеходного моста через реку Сырдария в г. Кызылорда».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов» (ndbecology.gov.kz) для предоставления замечаний и предложений.

«DTJ Service» ЖШС жұмысқа шақырады!

Керекті мамандар: Жол монтерлері;
Жол бригадирлері;
Жол мастерлері.
Жұмыс орны: Абай және Шығыс Қазақстан облыстары.
Барлық сұрақтар бойынша байланыс тел.: 8 706 620 5359.

Жарамсыз деп есептелсін

Дауқенов Корганбек Сламбековичтің атына Қызылорда облысы ТЖД «Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі» ММ-нен берілген зейнеткерлік куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.



E-mail: sm-jarnama@yandex.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/ Меншік иесі СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі БАС ДИРЕКТОР Марат АРАЛБАЕВ қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002) БАС РЕДАКТОР Қуат ШАРАБИДИНОВ қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)	Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053) Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037) Бөлімдер: руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040) экономика – 40-11-10 (1038, 1033) әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034) жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058) есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38 компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)	Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.	Газет аптасына сейсенбі, бейсенбі, сенбі (<i>сенбілік екі нөмір</i>) күндері шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.
Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”.	e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz	Таралымы 19605	Тапсырыс №1299
Кезекші редактор Әділжан ҮМБЕТ			